

ӘОЖ 68.41.55

Икимбаева Н.А.¹, Ph.D докторанты

Дюсембаев С.Т.¹, ветеринария ғылымдарының докторы, профессор

Шабдарбаева Г.С.², биология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті

¹Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қ., Қазақстан Республикасы

²«Қазақ Ұлттық Аграрлық университеті» КеАҚ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘР ТҮРЛІ АУДАНДАРЫНДА ІРІ ҚАРА ГИПОДЕРМАТОЗЫ ТАРАЛУЫНЫҢ СОҢҒЫ ЖЫЛДАРДАҒЫ САЛЫСТЫРМАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Аннотация

Бұл мақалада, Шығыс Қазақстан облысының әр түрлі аудандарында ірі қара гиподерматозымен зақымданған 2 жасқа дейінгі және 2 жастан асқан ірі қара малдарының соңғы жылдардағы орташа инвазия экстенсивтілік көрсеткіштері көрсетілген. 2017 жылы бұл көрсеткіш – 44,68% құраса, 2018 жылы – 43,28%, ал 2019 жылы - 34,95% құрады. Аталған аудандарда 2 жастан асқан ірі қара малдары арасында гиподерматоздың таралуының салыстырмалы көрсеткіші келесідей: 2017 жылы – 23,28%, 2018 жылы – 22,12%, ал 2019 жылы – 12,49%.

Шығыс Қазақстан облысының әр түрлі аудандарында гиподерматоз қоздырғышының балаңқұрт сатысының даму мерзімдері, әр аймақта әр түрлі болып келеді. Алдыңғы зерттеулерімізге сүйене отырып және 3 жылғы зерттеулерді салыстыра келе, балаңқұрттардың ірі қара малының арқасына жақындауы ақпан-сәуір айларына келетіндігін, балаңқұрттардың жаппай арқаға жақындауы наурыз-мамыр айларына сәйкес келсе, балаңқұрттардың жерге түсуі сәуір-маусым айлары арасында, ал бөгелектердің жаппай ұшуы мамыр-тамыз айларында болатындығын анықтлады.

Түйін сөздер: *гиподерматоз, экстенсивтілік, интенсивтілік, салыстырмалы көрсеткіш.*

Кіріспе. Мал шаруашылығында мүйізді ірі қара өсірудің орны ерекше. Мүйізді ірі қара малынан жоғары сапалы ет пен сүт өндіріледі. Мал шаруашылығында, малдардың өнімділігін төмендететін себептерінің бірі ретінде мүйізді ірі қара гиподерматозын айтуға болады. Гиподерматозбен ауырған мүйізді ірі қараның сойыс өнімдерінің сапасы төмендеп, сүт шығымы азаяды, сонымен қатар аса бағалы шикізат – терінің сапасы төмендейді. Сондықтан да гиподерматоздан келетін экономикалық шығын орасан зор [1,2].

Гиподерматоз – қос қанатты бөгелектің балаңқұрттарының зиянды әрекеттерінен туатын ірі қараның созылмалы тері ауруы. Ол балаңқұрттардың орналасқан жерінің қабынуы мен организмнің жалпы уланып, мал өнімділігінің төмендеуімен сипатталады [3,4].

Атап өтетін бір жағдай, балаңқұрттар денеде бір жерден, екінші жерге көшіп жүруінің барысында, малдың салмағын жоғалтып, азуына әкеледі. Өңеште балаңқұрттар өңештің бітелуін және ас қорыту қызметінің бұзылуын тудырады. Бірақ та, балаңқұрттардың бұл іс-әрекетінен сиырлар күйзеле қоймайды, ал балаңқұрттар жұлынға түскен кезде, қатты ауыртып, салдануға дейін апарады [5,6].

Балаңқұрттармен жоғары дәрежеде зақымданса, анемия дамып, зат алмасуының бұзылуына әкеп соқтырады. Балаңқұрттар омыртқадан жұлынға еніп, қыстау кезінде организмге өте ауыр әсер етеді. Мал ауырсынып, аяқтары салданады. Егер өңеште көп болатын болса, өңеш қабынып, жұтынған кезде ауырсынып, азық қабылдауы нашарлайды [7].

Балаңқұрттар арқада орналасқан кезеңінде қабыну процесі дамып, төмпешіктер пайда болады. Теріні тесіп, тыныстай бастағанда өзектен сыртқы ортаға ірінді сұйық шығып, кейіннен ол қатып, қабыршаққа айналады. Төмпешіктердің көлемдері ұлғайып, мал арқасында жара пайда болады [8].

Зерттеудің мақсаты: Шығыс Қазақстан облысының әр түрлі аудандарында ірі қара гиподерматозы таралуының 3 жылдар аралығындағы салыстырмалы көрсеткіштері

Зерттеудің негізгі міндеті: Шығыс Қазақстан облысының радиациялық қауіпті аймақтарында орналасқан шаруа қожалықтарында 2 жасқа дейінгі және 2 жастан асқан мүйізді ірі қара малы арасында гиподерматоз инвазиясы таралуының соңғы 3 жылдар аралығындағы салыстырмалы көрсеткіштерін анықтау.

Зерттеу нәтижелері. Зерттеу жұмыстары Шығыс Қазақстан облысының, әр түрлі табиғи – климаттық және радиациялық қауіп бар аймақтарда, сонымен қатар, ветеринариялық-санитариялық және гигиеналық талаптардың орындалу деңгейі әр -түрлі шаруа қожалықтарында жасалынды.

Ұржар ауданы, Мақаншы ауылы төменгі радиациялық қауіпті аймаққа орналасқан. «Бірлестік» шаруа қожалығының малдары жазда, Тарбағатай тауының бөктерінде жайылып, қыста қора – жайда ұсталынса, Тарбағатай облысының, Көкпекті ауылындағы «Көкжыра» кооперативіндегі малдар, жазда Тарбағатай тауының жайылып, қыста кооператив ұсталынады. Бұл екі ауданның өзіндік ұқсастықтары мен айырмашылықтары бар. Біріншіден, екі аудан да, Тарбағатай тауының бөктерінде орналасқан. Табиғи-климаттық жағдайы ұқсас келеді, алайда, Көкпекті ауылының қысы қатты, әрі ұзаққа созылады. Сонымен қатар малдарды ұстау ерекшеліктері де әр түрлі. Атап айтсақ, «Көкжыра» кооперативінің малдары, Көкпекті ауылындағы барлық тұрғындардың малдары. Саны жағынан бірнеше есе артық және ветеринариялық-санитариялық және гигиеналық талаптары да өзгеше. Ал, «Бірлестік» шаруа қожалығы жекеменшік болып келеді.

Жоғарғы радиациялық қауіпті аймақта орналасқан Семей қаласынан 10 шақырым қашықтықта орналасқан, «Агрофирма «Приречное» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ЖШС) мүйізді ірі қараның жартысынан көбі, асылтұқымды, көбінесе шетелдерден әкелінеді. Сонымен қатар, әрдайым ветеринарлық дәрігер қарауында және ветеринариялық-санитариялық, гигиеналық іс-шаралар қатаң түрде сақталынады. Приречное ауылдық округі бұрынғы Семей сынақ полигоны ауданында жатқанымен, ол ауданда, көптеп радиацияға шалдыққан малдардың ұшалары, малдардан алынатын шикізат өнімдерінің радиациялық қауіпі аз немесе тіпті, жоқ деп айтуға болады. Себебі, ол шаруашылықтың малдары асылтұқымды, шетелден әкелінген малдар.

Бесқарағай ауданы, Бірлік ауылында максималды радиациялық қауіпті аймақта орналасқан, «Балке» шаруа қожалығында асылтұқымды малдар бар.

«Нариман» шаруа қожалығы төтенше радиациялық қауіп бар Абай ауданында орналасқан, Бұл шаруашылық малдары ауылдың шетінде жайылады.

Жалпы зерттеу жұмыстары, соңғы 3 жыл арасындағы гиподерматоздың таралуын анықтау мақсатында жасалынды. Сонымен қатар, ветеринариялық есеп-қисаптарға да аса мән берілді. Себебі, бұл аурудың таралуына ықпал ететін, табиғи-климаттық жағдайлар да толықтай зерттелініп, алдағы уақытта ГАЖ-картасын пайдалана отырып жасалынған зерттеу нәтижелері жарық көреді.

Гиподерматоз індетті ауруларға жатпағандықтан, бөгелек шыбындарының әсерінен таралатын ауруға жататындықтан, бұл ауру шыққан уақытта, олардың таралуы туралы мәліметтер, әсіресе жекеменшік шаруа қожалықтарында өте аз. Жалпы облыс бойынша статистикалық мәліметтер жүргізілмейді. Сондықтан да болар, гиподерматоздың жойылмай, облыстың әр түрлі аудандарында, әр түрлі деңгейде таралуын байқауға болады.

Зерттеулер соңғы 3 жыл, яғни 2017, 2018 және 2019 жылдар аралығында жүргізілді (1,2 – кесте).

Алғашқы зерттеу жұмыстары, 2017 жылы жүргізілді және зерттелінген шаруа қожалықтарынан бірдей мөлшерде малдар іріктелініп алынбады. Себебі, малдардың жас ерекшелігіне байланысты, малдар санының әр шаруашылықта әр түрлі болғандығы.

Кейінгі жылдары, әр шаруа қожалықтарынан 30-дан, екі жасқа дейінгі және екі жастан асқан малдар іріктелініп алынды (1,2 кесте).

Алғашқы зерттеулер көрсеткендей, 2017 жылы гиподерматоз ауруы барлық аудандарда, жаппай таралып, жоғары экстенсивтілікті көрсетті (1 кесте). Бұған себеп болған, табиғи-

климаттық жағдайлар және малдардың ерте көктемде және күз айларында, ветеринариялық домдау жұмыстарының уақтылы, әрі сапалы жасалынбауы деп ойлаймыз [9,10].

1 кесте - Шығыс Қазақстан облысының әр түрлі аудандарында 2017-2019 жылдар арасындағы 2 жасқа дейінгі ірі қара малы гиподерматозының таралуының салыстырмалы көрсеткіштері

Жылдар	Зерттелінген малдар	Шаруашылық атаулары					Орташа көрсеткіш, %
		Ұржар ауданы «Бірлестік» ш/к	Тарбағатай ауданы, «Көкжыра» кооперативі	Семей қаласы, «Агрофирма Приречное» ЖШС	Бесқарағай ауданы, «Балке» ш/к	Абай ауданы «Нариман» ш/к	
2017	Барлық зерттелген ірі қара мал	20	37	10	20	33	
	Ауруға шалдыққан	7	23	5	8	12	
	ИЭ, %	35	62,1	50,0	40,0	36,3	44,68
	ИИ, экз.	15,4	24	18,7	20,4	23,2	20,34
2018	Барлық зерттелген ірі қара мал	30	30	30	30	30	
	Ауруға шалдыққан	7	11	5	17	25	
	ИЭ, %	23,3	36,6	16,6	56,6	83,3	43,28
	ИИ, экз.	27	30	15	40	70	36,4
2019	Барлық зерттелген ірі қара мал	30	30	30	30	30	
	Ауруға шалдыққан	5	8	-	11	18	
	ИЭ, %	16,6	26,6	-	36,6	60	34,95
	ИИ, экз.	7	12	-	13	16	12

Ескерту. ИЭ – инвазия экстенсивтілігі; ИИ – инвазия интензивтілігі.

1 кестеде көрсетілгендей, 2017 жылы 2 жасқа дейінгі барлығы 120 ірі қара малы гиподерматозға зерттелінсе, соның ішінде – 55 ірі қара малы гиподерматозға шалдыққан, яғни орташа көрсеткіш – 44,68% құраған. Гиподерматозға шалдыққан ірі қара малдарының ең жоғары көрсеткіші – Тарбағатай ауданына тиесілі, инвазия экстенсивтілігі – 62,1%, ал ең төменгі көрсеткіш – Ұржар ауданында, яғни, ИЭ - 35%.

2018 жылы әр ауданнан 30 бас ірі қара мал алынып, гиподерматозға зерттелінді, жалпы саны 150 ірі қара малы зерттелініп, оның ішінде 84 ірі қара малы гиподерматозға шалдыққандығы анықталды, жалпы ИЭ - 56% құрады. Ең жоғары гиподерматозға шалдыққан аудан – Абай ауданы, ал ең төмен көрсеткіш – Семей қаласы, «Агрофирма «Приречное» ЖШС-де.

2019 жылы да, әр ауданнан 30 бас мал алынып, жалпы саны 150 бас ірі қара малы зерттелініп, оның 46 ірі қара малы гиподерматозға шалдыққаны анықталды, яғни, ИЭ – 38,3% құрады. Бұл жылы ең жоғары көрсеткіш – Абай ауданы, ал ең төмен көрсеткіш – Ұржар ауданына тиесілі. Ал, Семей қаласының ЖШС «Агрофирма «Приречное» ірі қара гиподерматозынан 100%-ға тазарған. Себебі, бұл шаруашылықта негізінен, асылтұқымды малдар, одан кейін, бұл шаруашылықта ветеринариялық-санитариялық және гигиеналық шаралар уақтылы, әрі сапалы түрде жасалынып отырады. Оған қоса, бұл шаруашылықтың малдары, басқа ауыл малдарымен араласпайды, жайылым жерлері де бөлек.

Осы 3 жылды салыстыра келе, барлық аудандарда, гиподерматозға шалдыққан малдар санының бірнеше есе азайғанын көруге болады. Сонымен қатар, осы жылдар ішінде гиподерматозға қарсы алдын алу және күресу шаралары жүйелі түрде жасалған.

Келесі 2 жастан асқан ірі қара малдары зерттеуден өтті (2-кесте). Айта кететін жағдай, 2 жастан асқан ірі қара малдары гиподерматозға шалдығуы сирек болып келсе де, аталған аудандарда олардың таралуы мен инвазия экстенсивтілігі жоғары екендігі анықталды.

2 кесте - Шығыс Қазақстан облысының әр түрлі аудандарында 2017-2019 жылдар арасындағы 2 жастан асқан ірі қара малы гиподерматозының таралуының салыстырмалы көрсеткіштері

Жылдар	Зерттелінген малдар	Шаруашылық атаулары					Орташа көрсеткіш, %
		Ұржар ауданы «Бірлестік» ш/к	Тарбағатай ауданы, «Көкжыра» кооперативі	Семей қаласы, «Агрофирма Приречное» ЖШС	Бесқарағай ауданы «Балке» ш/к	Абай ауданы «Нариман» ш/к	
2017	Барлық зерттелген ірі қара малы	22	35	30	25	41	
	Ауруға шалдыққан	9	7	6	4	8	
	ИЭ, %	40,9	20,0	20,0	16,0	19,5	23,28
	ИИ, экз.	8,7	15,5	12,5	9,5	11,2	11,48
2018	Барлық зерттелген ірі қара малы	30	30	30	30	30	
	Ауруға шалдыққан	7	12	3	6	10	
	ИЭ, %	23,3	24	10	20	33,3	22,12
	ИИ, экз.	9	13	5	14	15	11,2
2019	Барлық зерттелген ірі қара малы	30	30	30	30	30	
	Ауруға шалдыққан	2	3	-	3	7	
	ИЭ, %	6,66	10	-	10	23,3	12,49
	ИИ, экз.	5	5	-	6	7	5,75

2 кестеде көрсетілгендей, 2017 жылы 2 жастан асқан, барлығы, 153 бас зерттеуге алынды. Оның ішінде, гиподерматоз ауруына шалдыққан ірі қара малы саны – 34. Жалпы инвазия экстенсивтілігінің орташа көрсеткіші – 23,28% құраған.

Ал, 2018 жылы, 150 бас ірі қара малы зерттелініп, оның 38-і гиподерматозға шалдыққандығы анықталды. Жалпы инвазия экстенсивтілігінің орташа көрсеткіші – 22,12% құраған. Ал 2019 жылы, барлық зерттелінген 150 бас сиырдың, 15-і гиподерматозға шалдыққан. Жалпы инвазия экстенсивтілігінің орташа көрсеткіші – 12,49% құрады.

Гиподерматоз ең жоғары дәрежеде таралған ауданның бірі – Абай ауданында орналасқан, «Нариман» шаруа қожалығы екендігі анықталды. Ал, гиподерматоз ең төмен дәрежеде таралған аудандардың бірі – Мақаншы ауылында орналасқан «Бірлестік» шаруа қожалығы. Алайда, зерттеулер жүргізген осы 3 жыл аралығында Семей қаласына қарасты ЖШС «Агрофирма «Приречное» жекеменшік шаруашылық серіктестігінде гиподерматоздың толықтай жойылғанын байқауға болады.

Шығыс Қазақстан облысының әр түрлі аудандарында гиподерматоз қоздырғышының балаңқұрт сатысының даму мерзімдері, әр аймақта әр түрлі болып келеді. Алдыңғы зерттеулерімізге сүйене отырып және 3 жылғы зерттеулерді салыстыра келе, балаңқұрттардың малдардың арқасына жақындауы ақпан-сәуір айларына келетіндігін, балаңқұрттардың жаппай арқаға жақындауы наурыз-мамыр айларына сәйкес келсе, балаңқұрттардың жерге түсуі сәуір-маусым айлары арасында, ал бөгелектердің жаппай ұшуы мамыр-тамыз айларында болатындығын анықтадық.

Қорытынды. Шығыс Қазақстан облысының әр түрлі аудандарында ірі қара гиподерматозымен зақымданған 2 жасқа дейінгі ірі қара малдарының 2017 жылы орташа инвазия экстенсивтілік көрсеткіші – 44,68%, 2018 жылы – 43,28%, ал 2019 жылы - 34,95% құрады. Аталған аудандарда 2 жастан асқан ірі қара малдары арасында гиподерматоздың таралуының салыстырмалы көрсеткіші келесідей: 2017 жылы – 23,28%, 2018 жылы – 22,12%, ал 2019 жылы – 12,49%.

Мүйізді ірі қара гиподерматозының таралуына бұрынғы СЯСП полигонының әсері де бар, радиациялық заттардың қоршаған ортада үнемі болуы сиыр организмінің иммунитетін төмендетіп, гиподерматоздың таралуына жағдай жасалады. Соңғы жылдағы оң

көрсеткіштерінің болуы, біздің қатысуымызбен шаруашылықтарда гиподерматоздың алдын алу үшін жасалынған ветеринариялық-санитариялық және гиподерматозға қарсы емдеу шараларының уақтылы, әрі сапалы жасалғандығының нәтижесінде алынды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сансызбай А.Р., Тілеуғали Т.М., Иманғалиев А.Қ. Мал дәрігерлік санитарлық сараптаудың маңызды мәселелері // Жаршы. – 2005.- № 4. – Б. 5-7.
2. Мелдебеков Ә. Қазақстандағы ірі қараның жағдайы мен келешегі // Жаршы. – 2001. - № 5. – Б. 6-9.
3. Исақов М.М., Дюсембаев С.Т. Профилактика и лечение инвазионных болезней сельскохозяйственных животных и птиц. – Алматы, 2006. - 175 с.
4. Куничкин Г.И. Подкожные оводы *Diptera, Hypodermatidae* крупного рогатого скота и обоснование методов борьбы с ними на юге и юго-востоке Казахстана: автореф. ... канд. биол. наук: 03.098 / Всесоюз. науч.-исслед. ин-т вет. санитарии. – М., 1970. - 19 с.
5. Вацаев Ш.В. Гиподерматоз крупного рогатого скота (эпизоотология, видовой состав, популяционная экология) и разработка мер борьбы с ним в Чеченской Республике. - Грозный: Изд-во Чеченского гос. ун-та, 2011. - 102 с.
6. Ямов В.З. Гиподерматоз крупного рогатого скота // Ветеринария. - 2015. - №4. – С. 58-60.
7. Шабдарбаева Г.С. Ветеринариялық протозоология және арахноэнтомология. – Алматы: Оқулық, 2011. – 926 б.
8. Қадыров Н.Т., Есімбеков Ж.М., Ысқақов М.М. Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары. Павлодар: Brand Print, 2010 – 755 б.
9. Икимбаева Н.А., Дюсембаев С.Т., Шабдарбаева Г.С. Распространение гиподерматоза крупного рогатого скота различных природно-климатических регионах Восточно-Казахстанской области // Наука в современном мире: матер. XXX междунар. науч.-практ. конф. – Киев, 2018. - С. 14 – 21.
10. Ikimbayeva N., Dyuysymbaev S., Shabdarbayeva G. Dissemination of the hypodermatosis of cattle in different natural and climatic regions of the East Kazakhstan region // Scientific achievements of the third millennium. - San Francisco, 2018. – P. 44 – 49.

РЕЗЮМЕ

В данной статье представлены сравнительные показатели экстенсивности инвазии за последние годы крупного рогатого скота в возрасте до 2-х лет и старше 2-х лет, пораженных гиподерматозом в различных районах Восточно-Казахстанской области. В 2017 году этот показатель составил 44,68%, в 2018 году – 43,28%, в 2019 году - 34,95%. Удельный показатель распространенности гиподерматоза среди крупного рогатого скота старше 2 лет в данных районах выглядит следующим образом: в 2017 году – 23,28%, в 2018 году – 22,12%, в 2019 году-12,49%.

В разных районах Восточно-Казахстанской области сроки развития стадии личинок возбудителя гиподерматоза различаются в разных регионах. Опираясь на предыдущие исследования и сравнивая исследования 3-х лет, выяснилось, что приближение личинок к спине крупного рогатого скота будет происходить в феврале-апреле, когда повсеместное приближение личинок к спине совпадает с марта-мая, падение личинок будет происходить в апреле-июне, а повсеместный перелет оводов будет происходить в мае-августе.

RESUME

This article presents the indicators of the extensiveness of the average invasion in recent years of cattle under the age of 2 years and older than 2 years, affected by hypodermatosis of cattle in different areas of the East Kazakhstan region. In 2017, this figure was 44.68%, in 2018-43.28%, in 2019-34.95%. The specific prevalence rate of hypodermatosis among cattle older than 2 years in these areas is as follows: in 2017 – 23.28%, in 2018 – 22.12%, in 2019-12.49%.

In different regions of the East Kazakhstan region, the timing of the development of the larval stage of the pathogen hypodermatosis varies in different regions. Based on previous studies and

comparing studies of 3 years, it was found that the approach of larvae to the back of cattle will occur in February-April, when the widespread approach of larvae to the back coincides with March-may, the fall of larvae will occur in April-June, and the widespread migration of gadflies will occur in May-August.

УДК 614.9(574.25)

Комардина Л.С., кандидат биологических наук, доцент

Проскурина Л.И., доктор ветеринарных наук, профессор

Инновационный Евразийский университет, г.Павлодар, Республика Казахстан

ДИАГНОСТИКА И ПРОФИЛАКТИКА ГЕЛЬМИНТОЗОВ ДОМАШНИХ ПЛОТОЯДНЫХ ЖИВОТНЫХ г. ПАВЛОДАР

Аннотация

Исследованиями, проведёнными в ветеринарной клинике «Вита» в г.Павлодар и в лаборатории «Пищевая безопасность» Инновационного Евразийского университета за период 2018-2019 гг. в фекалиях кошек и собак различных пород и возрастов обнаружены яйца 5 видов гельминтов, относящихся к классам *Trematoda*, *Cestoda* и *Nematoda*: *Opisthorchis felineus* (Rivolta, 1884), *Dipylidium caninum* L., 1758; *Toxascaris leonine* (Linstow, 1902) Leiper, 1907; *Toxocara canis* (Werner, 1782) Stiles, 1907; *Toxocara cati* (Zeder, 1800). Зараженность фекалий гельминтами собак составила 11,20%, кошек – 44,52%. В статье рассматривается зависимость заражения плотоядных животных от различных факторов, а также методы профилактики гельминтозных заболеваний кошек и собак, как важных компонентов урбанизированных территорий.

Ключевые слова: *гельминтозы, гельминтоовоскопия, дегельминтизация, трематоды, нематоды, цестоды, плотоядные, профилактика, описторхоз, токсакороз.*

Введение. Проблема исследований гельминтозов плотоядных животных остается актуальной в связи с необходимостью оценки современного состояния паразитофауны, как основы для рационального использования охраны животных ресурсов и разработки системы противопаразитарных мероприятий. Инвазионные заболевания домашних плотоядных животных являются широко распространёнными, в связи с чем значительная заражённость собак и кошек возбудителями инвазий приводит к увеличению числа зоонозных заболеваний среди населения с тяжёлыми последствиями, что обуславливает необходимость тщательного изучения этих заболеваний и их своевременную профилактику.

Численность собак и кошек в городах имеет тенденцию к росту, способствуя более тесному контакту с человеком. При этом на бывшей территории СНГ у собак и кошек зарегистрировано около 90 видов паразитов, многие из которых могут одновременно поражать человека и сельскохозяйственных животных [1]. В сельской местности наибольшее значение приобретают паразитозы, возбудители которых в цикле своего развития обитают в организме различных видов сельскохозяйственных животных, как облигатных промежуточных хозяев. Паразитарные системы с вовлечением популяции домашних плотоядных на урбанизированных территориях имеют существенные отличия от таких же систем в сельской местности [2].

В формировании нозологического профиля инфекционной и инвазионной патологии в различных регионах участвуют и многие другие болезни, не подлежащие обязательному учёту, но играющие не менее важную роль и имеющие эпизоотическое значение. В связи с этим создается необходимость в постоянной корректировке данных по заболеваемости того или иного вида животных, создании системы учёта всех встречающихся болезней, системном мониторинге за развитием их эпизоотического процесса [3].

Гельминты собак и кошек имеют широкое распространение в мире, в том числе и в Республике Казахстан. Так согласно исследованиям К.М. Казакбаева, в Казахстане зарегистрирован 41 вид гельминтов собак, 6 из которых относятся к классу *Trematoda*, 18 – *Cestoda*, 16 – *Nematoda* и 1 – *Acanthocephala*. Из выявленных паразитов 17 видов могут